

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: «Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.ІІ. – Б.181-185

ҚАЗАҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ «КИЕЛІЛІК» ҰҒЫМЫ

Хамза А., 2 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

«Кие», «киелі», «киелілік» ұғымдарын түрлі сала мамандары, атап айтсақ, теолог-ғалымдар, дінтанушылар, мәдениеттанушы, әлеуметтанушы ғалымдар, психологтер, т.б. ғалымдар зерттеп келеді. Ғылымда «киелі», «қасиетті» ұғымымен қатар «сакральды» термині де жиі қолданылады, алайда бұлар ұғымдардың мән-мағыналас сөздер емес екендігін ғалымдар өз еңбектерінде зерттеп, мәнін ашып береді.

«Қасиетті» ұғымы діни әдет-ғұрыптарда қолданылатын, Құдайға арналған заттар мен салт-дәстүрлерді қамтиды. «Қасиетті» және «киелі» ұғымдары мағынасына қарай бір - біріне жақын және де бір заттың атрибуты болуы да мүмкін: мысалы, Інжілді Қасиетті Жазбадағы Киелі Кітап деп атауға болады. Бұл жердегі қасиетті атрибуты Інжілге деген ерекше қарым-қатынас, пендешіліктен алыста тұруы, діни қызметте пайдаланатынын көрсетеді. Ал киелі атрибуты оның құдайға тән екендігі және Құдай нұры жауған сипатта болуын көрсетеді [1;13].

«Киелілік» ұғымына келетін болсақ, қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Кие» қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің ерекше тылсым күшке ие қасиеті» деп берілген. «Киелілік» – Құдай атрибуты, құдайылық қасиеті бар немесе Құдайға арналған, құдыретті деген мағынаны білдіреді.

Ал «сакральды» ұғымы белгілі бір объектіге бірегей мағына беретін, ерекше құндылыққа айналдыратын, күрделі түсініктер мен заттардан өзгеше иррационалды, мистикалық мән беретін дүниетанымдық категория. [1;14]. Бұл ұғымның алдыңғы екі ұғымнан ерекшелігі, «қасиетті» және «киелі» ұғымдары сияқты діни лексиконның емес, ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылып, терминдік сипат алуында. Аталмыш термин пұтқа табынушылық, мифологияда немесе түрлі діндерге түсінік беруде қолданылатын маңызды ұғымдардың бірі. «Сакральды» термині адамның басқа әлеммен байланысын белгілейді, орнатады және қайта қалпына келтіреді деген мәнді береді. Сондықтан да, «сакральдылық» термині пәнаралық ғылымдарда «қасиетті», «киелі», «құдыретті» сөздерін біріктіретін ұғым ретінде қолданылады.

«Қасиетті» және «киелі» ұғымдары қазақтың жалпы дәстүрлі дүниетанымы, діні мен діліне байланысты, сонымен қоса ата-

бабаларымыздың ежелгі діни сеніміне, яғни ата-баба культі, ата-баба рухын құрметтеу, аруақтарға сенумен тікелей байланысты ұғымдар.

«Киелілік» теологияда Құдайға бағыну дегенді білдіреді, оның символы тазару болыптабылады. Тазару барысында күнделікті, пендешілік рәміздер құдайлық мәнге ие болады.

«Киелі» сөзінің онтологиялық аспектісі дінде ғажайып, тылсым күш деген ұғымдарды береді. Неміс теологі Р. Отто «киеліні» абсолютті, шексіз шындық, тұрмыстың түп негізіретінде қарастырды. [2; 35-37].

Мәдениеттанушылар «киелілік» ұғымы құндылықтар жүйесін де қарастырып, оған тарихи-әлеуметтік феномен ретінде түсінік береді. Демек, белгілі бір социумдағы «киелілікті» зерттеу адам санасын талдауға мүмкіндік береді. Мәдениеттанулық аспектіде қарастырылғанда «киелілік» ұғымының трансцендентті мәні болмайтындығын ескерген жөн. Зерттеуші ғалымдар киеліліктің қарама-қайшылықсыз көрініс табуы мүмкін еместігін айтады. Демек, киеліліктің екі аспектісі бар: жағымды және жағымсыз. Қазақ халқының ежелгі дүниетанымында бұл аспектілердің екеуі де қатар орын алғаны осыдан деп санаймыз. Бұл ретте табу мен мананың рөлі ерекше. Қазақ халқының танымында тотемдік жан-жануарлардың да орны бөлек. Сонымен қоса, «қасиетті заттар» да халқымыздың ұлттық танымынан мықтап орын алған [3]. Жалпы теологтер «қасиетті» сезімін белгісіздікпен, қорқынышпен және таңырқаумен байланыстырады. Ол дегеніміз күнделікті өмірге қарама-қарсы болып келетін, әдеттегі нәрселерден алыс тұратын, еліктіретін әрі бір мезгілде қорқыныш, үрей туғызатын құбылыстар. Феноменологияда адам мен қоғам арасындағы затқа немесе құбылысқа ерекше бір діни тәсілмен қарым-қатынас көрсетілсе, «киелі» деп танылады. Киелі ол табиғаттан тыс күшке ие құбылыс. Киеліліктің категориялары қасиетті нысан, қасиетті кеңістік, қасиетті уақыт, киелі адам, қасиетті іс-әрекет және пайғамбарлар мен мистиктер болып саналады.

Ал «құт» ұғымына тоқталсақ, Тәңірісінен адам баласына жарылқау бар. Адам өзінің сөзі мен ісінің бұрыстығынан Тәңірісі берген құтынан айырылып қалмауы тиіс деген сенімде жоғары болған тәрізді. Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйынуы – Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Тәңірді ежелгі түркілер әке деп танып, Ұмайды ана деп атаған. Осының өзі бұл сөздің аспан мен жер, әке мен ана арасындағы киелілік пен қасиеттіліктің тұнып тұрғанын баяндайтын нышан. Әке мен Ананың бастамалық гармониясы Адам ата мен Хауа ананың жаратылысына ұласып, адам идеясынан адамзат идеясына өрбитін өріс алады.

Құт – киелі де, қасиетті ұғым. Киелілік пен қасиеттіліктің куәсі құттың жаратушысы Тәңірісі мен оның жаратылысы адам арасындағы ерекше бір сакралды қатынасы, әрі гармониясы. Адамдар барлық тіршілікке тірі деп

қарап, әр нәрсенің иесі бар, иесіз дүние жоқ деп білді. Иесін Тәңір киесін құт деп таныды. Олар Аспан – құт, жер – құт, су – құт, төрт түлік мал – құт. т.т. Осы киеліліктерге адам жер бетінде иелік етуі тиіс. Оларды ақылмен ізгілікпен пайдаланса, игілігін көріп, құт қонады деп сенді[4].

Қасиетті нысанның негізі болып табиғат объектілері саналады. Себебі табиғаттағы нысандар өзінің құдыреттілігімен, ерекшелігімен адамзатқа қорқыныш пен таңырқау тудырады. Көрінетін ерекше тылсым күшті сезінген қарапайым адам оларға сыйынады. Мәселен, ертеректе пайда болған культтердің бірі – қасиетті тас. Сонымен қоса тауларды да қасиетті деп санаған. Мифологияда әлем тау секілді бейнеленген, мистикада Құдай тау бейнесінде сипатталған. Сыйыну мен құтқарылу жолы – қасиетті тауға шығу ден саналған.

Халқымыздың танымында Жер де қасиетті болып табылады. Барлық тірі жанның, өсімдіктердің, жануарлардың, адамзаттың анасы болып есептеледі. Тәңіршілдік дүниетанымында «жер» ол өсіретін, ұрпақ жалғастыратын тіршіліктің көзі болып табылады. Адамдар киелі жерлерде тілек айтсақ, өтінішіміз қабыл болады деп сенеді. Яғни киелі жерлерде адамдар тәңірлерге немесе әулиелерге құлшылық етеді. Киелі орынның киелі болуы – ондағы кешеннің халықтың санасында туған дини-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен қаншалықты байланыстылығында.

Қазақ халқының тылсым ғажайыптарға толы қасиетті жерлері бар. Ертегілерде кездесетін бейнелі түрде айтылатын үңгір, шұңқыр, зират, құдық, жердің жарығы, көл, теңіз, мұхит төменгі дүниенің есігі болып табылады. Ал алып бәйтерек, таулар, биік жерлер, бұлттағы қала, қыраттағы қала жоғарыдағы дүние қақпасы саналады. Халқымыздың ертедегі таным-түсінігіндегі ерекше сенімдердің бірі үңгірлерге байланысты. Ата-бабаларымыз алғашқы адамдардың қоныстары болған үңгірлердің қазіргі адамдар сезіне бермейтін тылсым қасиеттеріне ерекше сезіммен қараған. Ондай әулиелі жерлер ретінде Бектау ата үңгірін, Қоңыр әулие үңгірін т.б. атау едік.

Ежелден малмен күнелткен, табиғатпен біте қайнасқан ата-бабаларымыз жерді киелі тұтып, туған жерге тағзым ету дәстүрін жадынан еш шығармаған. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, басынан өткен оқиғалары, әдебиеті және аңыз, әңгімелері, жалпы тарихы, негізінен, осы киелі орындар мен киелі жерлерге байланысты. Осы тарихи байлығымызды жоғалтпай, қаймағын бұзбай, келешек ұрпаққа табыстауымыз қажет. Ата-бабаларымыз су мен отты да киелі деп санаған. Су тіршілік көзі болғандықтан, оған құрмет көрсетіп, оны ластамаған. Әсіресе, «ағын судың арамдығы жоқ» деп білген, бұлақ, бастау, тұма, өзендерді тазалап отырған. Ал от – жарықтың, жылудың көзі, жын-перілерді қуушы элемент, үйдің ошағы, сонымен бірге ол екі жақты, кейде өмірге қауіп те төндіруі

мүмкін.

Тотемдік жан-жануарлар туралы аңыз әңгімелерден де халқымыздың ежелгі таным- түсінігі көрінеді. Көне түркілердің өздерінің шығу тегі жөніндегі аңыздың бір нұсқасы бойынша, байырғы түркілер қасқырды ата тегіміз деп білген. Жаугершілік заманда күншығыстағы көрші елден қатты жеңілістауып, тегіс қырылған халықтан бір жас бала тірі қалады. Жау жас баланы өлтірмей, аяқ-қолын кесіп, тоғайға жалғыз өзін тастап кетеді. Жалғыз қалған баланы бөрі асырап алады. Баладан он ұл туылып, кейіннен ол он ұлдан тараған адамдар тұтас бір тайпаға айналады. Оларды «көк бөріден тараған түркілер» деп атаған. Осылайша бөріден туылғанадамдар үлкен мемлекеттің іргетасын қалап, содан тараған жұрт ғұндар мен түркілер деп аталып кетеді. Осы аңыздың әдебиетте қасқыр тотемі пайда болып, қасқыр туралы әңгімелер ежелгі халықтардың көне мифтерінде сақталып, батырлық символ ретінде көрініс тауып жатады.

Өзге ұлттар секілді ежелгі қазақ танымында да уақыт пен кеңістіктің сакральды белгіленген нүктелері: киелі тау, киелі жер, киелі тас, киелі өзен, киелі күн, киелі түн, киелі ай, т.с.с. ұғымдары берік орын алған. Ғарыштық символдар – Аспан, Ай, Күн, Жұлдыздар ата-бабаларымыздың таным-түсініктерінен мол мәлімет береді.

Айға қатысты түркілердің наным-сенімдері қазақта сақталған. Шоқан Уәлиханов: қазақ бұрын жаңа туған айды көргенде үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінажат етеді де, сол мінажат еткен жерден шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды екен, – деп еңбегінде жазған

Алтын, яғни күн символына байланысты мифтік құрылымды сақа патшаларының билігінің пайда болу жолдары жайында ізденіс етуге де болады. Ғарыштық символдар – Ай, Күн, Жұлдыз – патша балаларының есіміне айналдырылады. Патша билігінің Алланың жарлығымен орнағандығы шежірелерде осындай тәпсір ету үрдісінің мысалы (күт, тәңір күт: күт дарыған, т.б.) [5].

Халқымызда өлілерді де құрмет көрсету нысаны деп таниды. Ата-бабалары жерленген қорымдарды да киелі санайды. Халық өздерін рухани жетілдіру үшін ата-бабаларының бейітіне барып, құран бағыштап, көмек сұрап, сыйынады.

Қасиетті заттар – әлеуметтік бірлік символы болып табылады. Ежелгі дәуірдің адамдары ең бірінші кезекте мистерия кезінде шаман-бақсы қолданатын қамшы, бубен, кілемше, аса таяқ, пышақ, қазан тәрізді заттар мистификациялап, оған сакральдық (киелі) қасиеттер берген. Бақсылық ету ерекше рухани-психологиялық континуум жағдайында болатындықтан, оның еншісіне көрермендер мен емделетін адамды арбап, сиқырлап тастау жатады, сол арқылы жұртшылықтың көңіл-күйі ауаны өзгеріске түседі, оған таңданудың реті жоқ, өйткені, адамдар шаманның қылыш жүзінде қалай билегенін, кілеммен ұшып, өзіне пышақ сұққанын

көзбен көріп отырады. Мындаған жылдар бойғы осындай қалыптасқан тәжірибе, оны сан рет қайталау, қасиетті саналатын ғұрыптық заттардың мәні жұртшылықтың санасына әбден сіңеді, ал содан кейін ондай заттар кие тұтылады. Міне, сөйтіп сиқырлы нәрселерге айналып, ертегілерге арқау болды, бірақ ондай рухани-эстетикалық экстраполяцияның жалпы негізі қалыпты анимистикалық сананың белсенділігі мен ұшқырлығында жатыр[6].

Сиқырлы заттар да қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтаушы тәрізді бітімгерші, қорғаушы, көлік құралы, қару ретінде әрекет етеді. Шамандар оның әрқайсысында санаспауға болмайтын өзіндік ерік-жігері мен пікірі, яғни қасиеті болады деп түсіндіреді. Әсіресе, осындай нәрселердің ішінде аруақтарға, жындарға, табиғат құбылыстарына әсер ететін шаман билігінің нышаны ретінде қамшының рөлі ерекше. Бақсы қамшыны аурудың иесін (кесір, дерт, албасты) қуып, науқасты емдеу үшін қолданады. Қамшының семантикалық бейнесі жыланға ұқсауы оның өзіндік ерекшелігін білдіреді. Төменгі дүниенің билеушісі Бапыхан алып жылан кейпінде болған. Шаманның қолындағы ирелендеген қамшы жын мен шайтанға оның иесі қамшы екендігін, яғни Бапы хан-ды есіне салады. Жыланға сыйыну көптеген шығыс халықтарында бар, оның ішінде қазақтарға тән. Қазақтар жыланды кие тұтып, оны өлтірмейді. Егер жылан киіз үйге кіріпкетсе, оның басына ақ құйып шығарып жіберетін болған. Әсіресе, ақ жыланды ерекше қасиет тұтқан. Қамшыны ауру адам жастығының астына қойған немесе керегенің басына іліп қойған. Қазақ ертегілерінде қамшы туралы жиі айтылады. Алдар Көсе шайтандарды қамшымен жеңеді.

Ертегі әлемінде сиқырлы сақинаның орны ерекше. Бұл образдың семантикасын зерттеушілер күнге табынумен байланыстырады. Күнге табыну парадигмасына сәйкес сақина тиісінше қорғаушы рөлін атқарады. Сақинаны нанымның бір құрамдас бөлшегі ретінде күнге табынған абыздар қастерлеген. Ұлы бақсылар әдетте қолына сақина, білезік, мойнына тұмар тағатын болған. Сонымен қатар белбеу тағуда да киелі қасиет бар деп білген. Шоқан Уәлиханов өзінің зерттеу еңбектерінде белге тағатын белбеу философиясына үлкен мән беріп, ол адамдардың ортаңғы дүние тұрғындары екендігін, сәттіліктің, күш-қуаттың, ұрпақ жалғастығының белгісі деп жазған. Ал осындай ырым- белгі жүйесінде белдегі белбеудің шешіліп кетуін жақсылыққа жорымаған. Ертегілерде белгі-ырымның рөлін көрсететін осындай желі жиі кездеседі. Екі негізгі бағыттан, ақ пен қарадан тұратын бүкіл шаман әлемінің дихотомикалық ұйымдастыруы мен стратификациялығына сәйкес сақина шаманның аспан мен күнге табынуын білдіреді. Бұл белгіні иемденуге бара жатқанда кейіпкерді міндетті түрде сынақ, түсінік, инициация күтіп тұрады. Сақинаны тауып алған ертегінің кейіпкері ғажайып күш-қуатқа, зор қабілеттілік пен терең білімге ие болып, кез келген затты, қаланы, елді

жарата алатын құдыретті иеленеді, сақина оны кеңістікпен алып жүріп, оның кез келген тілегін орын- дайды[6].

Қазақтың ежелгі дүниетанымынан хабардар ететін бастаулардың бірі ретінде қазақтың дәстүрлі этномәдениетінде ерекше мәнге ие сәбиді «қырқынан шығару», «тұсау кесу» тәрізді әдет-ғұрыптарды атауға болады. Осы дәстүрдің семантикасына келетін болсақ, ол жанның төменгі немесе аралық дүниеден оралғаннан кейінгі тазартылу қажеттігін көрсетеді. Сәбидің аяғына байланатын тұсау осындай болмысты мензесе керек. Белгілі бір дүниелерге қатысты осындай символикалық белбеулер туралы Шоқан Уәлиханов бы-лай деп жазған болатын: «Көкте өзінің тұрғындары — адамдар бар, олар алқымдарына белбеу тағады; біздер ортасындамыз, жерде өмір сүреміз, сондықтан белбеуді белімізге тағамыз, ал жеке өзінің күні, айы және жұлдызы бар жерасты адамдары белбеуді аяқтарына тағады».

Демек, «тұсау кесу» және «қырқынан шығару» әдет-ғұрыпының инициациялық ны-шаны жанның тамұқтан кері оралу мүмкіндігін білдіреді, демек шамандық және анимистикалық наным тұрғысынан қарасақ, онда бала туғаннан кейін қырық күн бойы ғұрыптық тыйым салудың мәнісі түсінікті болып шығады, өйткені, оны «төменгі дүниеге» кері қайтаруға жанталасқан жын-перілердің қастандығынан «әлсіз» жанды қорғауға тура келеді. Аталған кезең ішінде балаға көз тиюден қатты сақтанатын болған, сәбиді күнге де, айға да, жұлдызға да, бөтен адамдарға да, әсіресе әйелдерге көрсетпеген. Шаман ми-фологиясына, аңыздары мен ертегілеріне сәйкес төменгі дүниенің кейбір билеушілерініңесімдерін білу қиынға түспейді, бұлар Эрлик, Бапы-хан, Темір-хан, Маар және т.б. Бұл сюжеттерде хтоникалық дүниенің билеушілері ұрпақ жалғастығы мен дүниеге келудің қорғаушысы, жердің, құдай-әйел рухы Ұмай-шешем ерекше байланыста болады. Со- нымен қатар Ұмай-шеше көктегі Тәңірмен (Ульген) де қарым-қатынас орнатқан[6].

Сонымен қоса, халқымыз тіл тиюден де қатты сақтанған. Сөз магиясы, бата алу да халқымыздың түсінігінде ерекше мәнге ие. "Қыз Жібек" эпосының басты кейіпкері Төлеген әкесінің, рубасының батасын алмай, қалыңдығына аттанады, сөйтіп рулық- тайпалық өмір принципіне кереғар қадам жасайды, эпостың этиологиясында бұл өрескел фактор саналады, Төлегеннің маңдайына жазылған өлімнің бір себебі де осы. Мұндай этиологиялық принцип Төлегеннің ту сыртынан қастандық жасаған Бекежан драмасын- да да жатыр. Көре алмаушылық пен қызғаныштың жетегіне кеткен Бекежан қазақтың қонақжайлылық, бүкіл елі бата берген Қыз Жібекке Төлегеннің құда түсуі салтын аттап өтеді. Бекежанның опасыздығына бүкіл жұртшылық күйінеді, оның істеген әрекеті дала көшпенді тайпалары арасындағы экзогамдық, яғни туыстас ағайындар арасында некеле-суге тыйым салуға қатысты ежелгі салтты бұзған болып

есептеледі. Демек, Бекежанның да тағдыры алдын ала шешіліп қойған[6].

Қорыта келе, қазақ халқының ежелгі дүниетанымы өз бойында екі түрлі ықпалды байқатады, оның біреуі дәстүрлі далалық дүниетанымдық түсініктерден бастау алса, екіншісі ислам арқылы келген көне тарих туралы мұсымандық іліммен байланысты. Ислам келмей тұрған мезгілде түркілердің тәңіршілдік көзқарас ұстанымдары берік болғанымен, ол уақытта да олардың бір бөлігі будда, несториан, манихейлік сияқты басқадіндердің ықпалын көрді. VII ғасырдан бері ислам келгеннен соң түркілердің басым бөлігі тұтастай бір ислам дінін ұстанды.

Қазіргі уақытта бұл екі бастау өзара үйлестіріліп, әлем мен адамзат жаратылысы біртұтас құрылым іспетті көрініс табады. Ислам дәріптеген адамзаттың жаратылуын түсіндіретін түп-тегі туралы сюжет қазақтың кейінгі шежірелік мәтіндерінің бәріне, сондай-ақ орта ғасыр араб-парсы деректемелеріне ортақ болып табылады. Мұсылмандық концепция бергі уақыттың идеологиялық құрылымы, ол көбінесе Алтын Орда және одан бергі уақыттағы түркі халықтарының тарихына қатысты.

Ата-бабаларымыз байырғы түріктердің діні тотемдік ұғымдардан бастау алып, шамандық және тәңіршілдік сенімдермен жалғаса келе бірнеше кезеңдерді басынан өткерген. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымындағы тотемдік ұғымдардың, шамандық және тәңіршілдік сенімдердің көрінісі заңды құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Камалова Ф.Б. Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау. Философ.ғыл.док-торы дәр.алу үшін дайынд.дисс. – Алматы, 2020. – 130 б.

2 Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным. – Москва, 2008. – 225 с.

3 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192211941>

4 Жанабаев Ж.М. Құтұғымы. Кіе мен қасиет <https://abai.kz/post/48334>

5 Алпысбес М.А. Түркітегі туралы генеалогиялық аңыз-эпсаналардың Ю.А.

Зуев

еңбе

ктерін десалыстырмалы зерттеуі file:///C:/Users/ainur/Desktop/%D0%9A%D0%B8%D0%B

5%D0%BB%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA/Alpysbes.....2. 13.pdf

6 Жақсылықов А. Шаманизм мен фольклор (Көне мәдениеттегі дүниетаным және бейн елі ойлаудың парадигмасы)

<http://qamba.codeo.kz/site/book/online/azhaqsyluqv-shamanizm-men-flklr/content/toc.ncx/>

Ғылыми жетекші: Амангелди А.А.